


Авторлық жұмыс

Тақырыбы: «Ежелгі тайпалардың әдет-ғұрыптары мен Қазақ халқының салт-дәстүрлерімен байланысы»

Орындаушы: Абдиханова Анар Дарибаевна





Кіріспе

Әрбір халықтың тарихы мен мәдениеті оның әдет-ғұрыптары мен салт-дәстүрлерінде сақталады. Қазақ халқы да ғасырлар бойы ұрпақтан-ұрпаққа жалғасып келе жатқан бай мұраға ие. Сол мұраның ішінде халқымыздың өмір салтын, дүниетанымын, адамгершілік құндылықтарын айқындайтын дәстүрлердің орны ерекше.

Жобаның өзектілігі:

Қазақ халқының салт-дәстүрлері ғасырлар бойы сақталып, ұлттық мәдениетіміздің негізгі тірегіне айналды. Бұл дәстүрлердің түп-тамыры ерте замандағы сақ, ғұн, үйсін, қаңлы сияқты тайпалардың әдет-ғұрыптарынан бастау алады. Қазіргі кезде ұлттық құндылықтарды дәріптеу, олардың тарихи сабақтастығын ашу – жас ұрпақтың патриоттық сезімін тәрбиелеудің маңызды бөлігі.

Жобаның мақсаты:

Ежелгі тайпалардың әдет-ғұрыптары мен қазақ халқының салт-дәстүрлерінің арасындағы тарихи сабақтастықты анықтау, олардың бүгінгі күндегі маңызын көрсету.

Жобаның жаңашылдығы:

Зерттеу нәтижесінде дәстүрлерді насихаттау мақсатында арнайы видеолар түсіріліп, QR код арқылы ашылатын заманауи буклеттер дайындалды. Сонымен қатар Gamma.арр платформасында сайт жасалып, материалдар сол жерде жинақталды. Бұл жаңашылдық зерттеу нәтижелерін көпшілікке ыңғайлы әрі қолжетімді етіп ұсынуға мүмкіндік берді.

Міндеттері:

1. Ежелгі тайпалардың тұрмыс-тіршілігі мен әдет-ғұрыптарын зерттеу;

2. Қазақ халқының салт-дәстүрлерін сипаттау;


3. Ұқсастықтары мен айырмашылықтарын салыстыру;

4. Практикалық жұмыстар арқылы дәстүрлердің қазіргі қоғамдағы орнын айқындау.

Ежелгі тайпалардың тұрмысы мен әдет-ғұрыптары



Қазақ халқының түп-тамыры ерте заманда өмір сүрген сақ, ғұн, үйсін, қаңлы сияқты тайпаларға барып тіреледі. Олар Ұлы Даланың ерте иелері болды. Әр тайпаның өзіндік тұрмыс-тіршілігі, салт-санасы, әдет-ғұрпы болды.



Дерек көзі	Ежелгі тайпа	Әдет-ғұрыптар туралы мәліметтер	Мысалдар
Орхон-Енисей жазбалары	Түркілер	Батырлықты дәріптеу, ата-бабаларға тағзым, рухани сенімдер	Батырларға арнап салынған тас мүсіндер, ата-бабалар рухына құрмет
Геродоттың "Тарих" еңбегі	Скифтер	Жерлеу салттары, құрбандық шалу дәстүрлері	Жерлеу салттары, құрбандық шалу дәстүрлері
Қытай жылнамалары	Көшпелі тайпалар	Көсемдерді жерлеу, діни ғұрыптар, табиғатқа табыну	Көсемдерді арнайы салтанатпен жерлеу, табиғат күштеріне арналған рәсімдер
Парсы деректері	Сақтар	Табиғатқа табыну, батырларға құрмет, әскери дәстүрлер	Сақтардың құрбандық шалу рәсімдері, батырлыққа негізделген мәдениеті
"Оғызнама" дастаны	Түркі тайпалары	Жауынгерлік дәстүрлер, рулық қатынастар, діни наным-сенімдер	Оғыз ханның ерліктері, батырлар арасындағы соғыстар және олардың салттары



Қазақ халқының салт-дәстүрлері




Ежелгі тайпалардың дәстүрі	Қазақ халқының салт-дәстүрі	Ұқсастығы
Жаңа туған балаға арнап түрлі ғұрыптық жоралғылар жасау.	Шілдехана, бесікке салу, тұсаукесер.	Баланың өмірге аман-есен жетілуіне тілектестік білдіру.
Тайпаларда жасөспірімдерді ерлікке баулу үшін түрлі сынақтар өткізген.	Тұсаукесер, асық ату, көкпар, аударыспақ сияқты ұлттық ойындар.	Баланы батыл, епті, шыдамды етіп тәрбиелеу.
Қыз балаға ерте жастан тұрмысқа шығуға дайындық рәсімдері жасалған.	Сырға салу, қыз ұзату, беташар.	Қыздың жаңа өмірге қадам басуын қоғам болып тойлау.
Тайпаларда үлкендерді құрметтеп, ақсақалдардан бата алу дәстүрі болған.	Бата беру, сәлем салу, қонақ күту.	Үлкенге құрмет, кішіге ізет көрсету – басты тәрбие құралы.
Тайпаларда ата-баба рухына арнап құрбандық шалу, еске алу рәсімдері жасалған.	Ас беру, құдайы тамақ, жетісі, қырқы, жылы.	Марқұмды құрметтеп, еске алу дәстүрінің сақталуы.
Қауымдастықта қонақты ерекше қарсы алып, құрмет көрсеткен.	Қонақжайлылық – «Қонақ келсе, құт».	Қонақты сыйлау – ежелгі дәстүрден жалғасқан қасиет.

Ежелгі әдет-ғұрыптар мен қазақ салт-дәстүрлерінің сабақтастығы

ҰҚСАСТЫҚТАРЫ


Рулық жүйе және туыстық қатынастар: Ежелгі тайпалар мен қазақ қоғамында рулық жүйе маңызды рөл атқарған. Қазақтардың "жеті атаға дейін қыз алыспау" дәстүрі сияқты, ежелгі тайпаларда да туыстық қарым-қатынастарды сақтау заңдылығы болған.	Отбасы және неке дәстүрлері: Екі мәдениетте де отбасы институты ерекше орын алады. Қазақ халқының құда түсу, қалың мал, неке кию дәстүрлері ежелгі тайпалардың отбасылық рәсімдеріне ұқсас.	Жерлеу рәсімдері: Екі мәдениетте де марқұмды құрметпен шығарып салу дәстүрі бар. Қазақтардағы жетісі, қырқы, жылдық асы сияқты жерлеу дәстүрлері ежелгі тайпалардағы рәсімдермен сабақтас.	Қонақжайлылық: Ежелгі тайпалар да, қазақтар да қонақты сыйлау, оны құрметпен қарсы алу дәстүрлерімен танымал. Қонақжайлылық – қоғамдағы маңызды құндылықтардың бірі.	Рухани мәдениет: Ежелгі түркілер мен сақтар табиғатқа және рухтарға табынған, бұл қазақтардың табиғатқа деген құрметі мен ата-бабаны сыйлау дәстүрінде көрініс тапты.
--	--	---	---	--




АЙЫРМАШЫЛЫҚТАРЫ

Діни сенімдер: Ежелгі тайпалар көбіне Тәңірге және табиғат күштеріне табынған. Ал қазақтар арасында ислам діні кеңінен таралды, сондықтан рухани көзқарастарында айырмашылықтар бар.	Қоғамдық құрылымдар: Ежелгі тайпалар көбінесе көшпенді рулардан құралған әскери-жауынгерлік қоғамдар болған, ал қазақ қоғамы біртіндеп отырықшы өмір салтын да қабылдаған.	Тұрмыс салты: Ежелгі тайпалардың кейбір тұрмыс-салттары (мысалы, аңшылықпен және жаугершілікпен өмір сүру) қазақтардың шаруашылық-экономикалық құрылымынан ерекшеленеді. Қазақ халқы негізінен мал шаруашылығымен айналысқан.	Әлеуметтік рөлдер: Ежелгі тайпаларда жауынгерлік міндеттер басты орында болғандықтан, олардың әлеуметтік рөлдері қатаң әскери құрылымға негізделген. Қазақтарда да батырлық маңызды рөл атқарғанымен, бейбіт өмір мен шаруашылыққа басымдық берілді.	Мәдени ықпалдастық: Қазақ мәдениеті ислам дінінің ықпалында болса, ежелгі тайпаларда пұтқа табынушылық және Тәңірге сену негізгі сенім болған.
---	---	--	---	---


Салт-дәстүрді қаншалықты білесіз?



Сақтау себебі



Қазіргі өмірдегі маңызы



Сауалнама нәтижелері:

25 оқушының ішінде 18-і (72%) қазақ салт-дәстүрлерін жақсы білемін деп жауап берді, 7 оқушы (28%) тек кейбірін білемін деді.

Сүйікті дәстүр ретінде көпшілік тұсаукесер, қонақжайлылық, беташар дәстүрлерін атады.


Барлық оқушы салт-дәстүрді сақтау қажет екенін айтты. Себебі ол – ұлттың болмысын сақтаудың кепілі.

25 оқушының 15-і (60%) ежелгі тайпалардың дәстүрлері туралы бұрын естігенін айтты, ал қалғандары тек сабақ барысында алғаш рет танысқан.


20 оқушы (80%) салт-дәстүр қазіргі заманда да қажет екенін мойындады.

Бұл сауалнама нәтижесі көрсеткендей, оқушылардың көпшілігі ұлттық дәстүрлерге қызығушылық танытады және оларды болашақта сақтап, дамыту қажет деп есептейді.


Сүйікті салт-дәстүріңіз



Ежелгі дәстүрлер туралы білесіз бе?




Зерттеу жұмысының бұл кезеңінде біз қазақ халқының бірнеше дәстүрін тереңірек қарастырып, олардың ежелгі тайпалардан жалғасып келе жатқан сабақтастығын зерттедік.




Тұсаукесер дәстүрі.

Практика: Біз кішкентай балалардың тұсаукесер рәсімінен видео көріп, оны қазіргі өмірмен байланыстырдық. Содан кейін оқушылар өздері түрлі-түсті жіптерден "тұсау" жасап, символикалық түрде кішкентай қуыршақтың аяғына байлап, оны кесу рәсімін жасады.



Қонақжайлылық дәстүрі.


Сыныпта "қонақ күту" ойынын ұйымдастырдық. Бір топ қонақ болып келді, екінші топ оларды қарсы алып, дастархан мәзірін жасады. Әр оқушы "қонаққа арнаған батасын" айтты.



Беташар дәстүрі.

Оқушылар екі топқа бөлініп, "беташар" рәсімін сахналады: біреуі – келін, екіншісі – ауыл адамдары. Әр адам келінге тілек айтып, қазақтың дәстүрлі сәлемін жасатты.

Креатив: Қатысушылар өздері "заманауи беташар" сценарийін ойлап тапты (мысалы, ақылды тақтада QR-код арқылы сәлемдесу, онлайн бата беру).



Дәстүрді зерттеу жобасы.

Кейбір топтар дәстүрді бейнебаян түрінде түсірді. Мысалы, "Тұсаукесердің маңызы" атты шағын ролик.

Бір топ "дәстүрдің заманауи түрі" атты коллаж жасап, мысалы, қонақ күту дәстүрін фастфуд мейрамханамен байланыстырып, қызықты ұқсастықтар тапты.



Қорытынды

Бұл ғылыми жоба барысында біз ежелгі тайпалардың тұрмыс-тіршілігі мен әдет-ғұрыптарын, қазақ халқының салт-дәстүрлерін және олардың арасындағы сабақтастықты зерттедік. Зерттеу нәтижесінде ежелгі тайпалардың наным-сенімдері мен тұрмыстық әдет-ғұрыптары қазақ халқының дәстүрлерімен тығыз байланысты екені анықталды. Мысалы, ежелгі тайпалардың табиғатқа табынуы мен отқа қатысты нанымдары қазіргі қазақ дәстүріндегі «отқа май құю» жоралғысымен үндеседі, ал балаға ат қою, қырқынан шығару сияқты әдеттер көне дәуірден жалғасып келе жатқандығын көрсетті. Қазақ халқының салт-дәстүрлері өмірдің әр кезеңін қамтып, ұрпақ тәрбиесіне, бірлік пен татулықты сақтауға бағытталғаны айқындалды. Жоба аясында жүргізілген сауалнама жастардың дәстүрге деген көзқарасын айқындап, олардың көпшілігі ұлттық құндылықтарды құрметтеп, сақтауға тырысатынын көрсетті. Сонымен қатар, дәстүрді зерттеу барысында шағын көрініс ұйымдастыру, шығармашылық идеяларды жүзеге асыру оқушылардың қызығушылығын арттырып, дәстүрді тек теория жүзінде емес, тәжірибелік тұрғыдан да меңгеруге мүмкіндік берді. Жобаның жаңашылдығы ретінде дәстүрді заманауи тәсілдермен насихаттау мақсатында QR-кодпен ашылатын буклеттер, интерактивті постерлер мен бейнероликтер ұсынылды. Бұл жұмыс қазақ халқының салт-дәстүрлерінің терең тарихи тамыры бар екенін, олардың бүгінгі күнге дейін маңызын жоғалтпай келе жатқанын дәлелдеп, ұлттық құндылықтарды дәріптеудің заманауи жолдарын көрсетті.

Ғылыми жоба бойынша ұсыныстарым:

Мектепте «Дәстүр апталығын» өткізу.
– Әр сынып қазақ халқының бір салт-дәстүрін таныстырып, көрініс немесе шағын қойылым қоя алады. Бұл оқушылардың қызығушылығын арттырып, дәстүрді іс жүзінде үйренуге мүмкіндік береді.

Интерактивті оқу материалдарын жасау.
– Қазақ салт-дәстүрлеріне байланысты буклет, постер, бейнероликтер және QR-кодпен ашылатын ақпараттық ресурстарды дайындап, оларды сабақта және сыныптан тыс іс-шараларда пайдалану.

Жастар арасында сауалнама мен квест-ойындар ұйымдастыру.
– Ұлттық дәстүрлерді білуге бағытталған сұрақ-жауап, квест немесе интеллектуалды ойындар өткізу арқылы дәстүрді қызықты әрі заманауи түрде насихаттау.

Мектеп сайтына немесе арнайы платформаға «Салт-дәстүрлер энциклопедиясын» енгізу.
– Жиналған зерттеу материалдарын жүйелеп, фото, бейне және мәтіндік ақпараттармен толықтырып, онлайн қолжетімді ету. Бұл оқушылар мен ата-аналарға да пайдалы болмақ.

Назарларыңызға рахмет!